

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

БҰЙРЫҚ

15 июня 2020 года

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 251

город Алматы

О дополнительных мерах поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства

В целях поддержки субъектов малого и среднего предпринимательства, реализации планов по восстановлению финансового состояния и предотвращения случаев возникновения просроченной задолженности по договорам банковского займа и микрокредита, **ПРИКАЗЫВАЮ:**

1. Утвердить прилагаемый Порядок предоставления мер поддержки субъектам малого и среднего предпринимательства.

2. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

3. Департаменту методологии и регулирования финансовых организаций довести настоящий приказ до сведения заинтересованных подразделений Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка, банков второго уровня, организаций, осуществляющих отдельные виды банковских операций, организаций, осуществляющих микрофинансовую деятельность, в том числе юридических лиц, ранее являвшихся указанными организациями.

4. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя Председателя Агентства Республики Казахстан по регулированию и развитию финансового рынка Абдрахманова Н.А.

Председатель

М. Абылкасымова

Утвержден
приказом Председателя
Агентства Республики Казахстан
по регулированию и развитию
финансового рынка
от «___» июня 2020 года № _____

Порядок предоставления мер поддержки субъектам малого и среднего предпринимательства

1. Настоящий Порядок разработан в целях предоставления субъектам предпринимательства, финансовое состояние которых ухудшилось в период чрезвычайного положения и (или) карантина, дополнительных мер поддержки для поддержания бизнеса, реализации планов по восстановлению финансового состояния и предотвращения случаев возникновения просроченной задолженности по договорам банковского займа и микрокредита, выданных на предпринимательские цели.

2. Поддержка предоставляется на основании заявления субъекта малого и среднего предпринимательства, составленного в произвольной форме.

Субъект малого и среднего предпринимательства может подать заявление с приложением необходимых документов в банк второго уровня, организацию, осуществляющую отдельные виды банковских операций, организацию, осуществляющую микрофинансовую деятельность, в том числе юридическому лицу, ранее являвшемуся указанными организациями, (далее – кредитная организация) посредством электронной почты, онлайн-системы «банк-клиент», интернет-ресурса, мобильного приложения или других средств связи.

3. Кредитная организация применяет внутренний порядок, содержащий способы реструктуризации займов и (или) микрокредитов, условия и требования к заемщикам, процедуры взаимодействия с заемщиком, перечень документов, необходимых для проведения реструктуризации.

4. При обращении субъекта малого и среднего предпринимательства кредитная организация в индивидуальном порядке проводит оценку его финансового состояния, влияния чрезвычайного положения и (или) карантина на предпринимательскую деятельность заявителя и оценку перспектив восстановления финансового состояния. Оценка финансового состояния предусматривает анализ фактических доходов заявителя и влияния введенных ограничительных мер в период чрезвычайного положения и (или) карантина на предпринимательскую деятельность заявителя, в том числе на снижение потребительского спроса на товары, работы и (или) услуги заявителя, на нарушение цепочек поставок товаров и (или) услуг, на нарушение сроков оплаты товаров, работ и (или) услуг.

5. При наличии объективных причин ухудшения финансового состояния субъекта малого и среднего предпринимательства в период чрезвычайного положения и (или) карантина и возможности восстановления его предпринимательской деятельности, кредитная организация предлагает субъекту малого и среднего предпринимательства:

1) рефинансирование банковского займа и (или) микрокредита по льготным условиям в рамках государственных программ поддержки субъектов предпринимательства, в случае, если кредитная организация участвует в реализации государственных программ, либо по внутреннему порядку реструктуризации займов и (или) микрокредитов.

Рефинансирование банковских займов и (или) микрокредитов по льготным условиям может осуществляться, в том числе по программе льготного кредитования субъектов малого и среднего предпринимательства на пополнение оборотных средств, программе «Дорожная карта бизнеса 2025», новой целевой программе поддержки малого и микробизнеса, предусматривающим льготные ставки и возможность получения гарантий со стороны государства.

Рефинансирование по государственным программам осуществляется при соответствии субъекта малого и среднего предпринимательства критериям и условиям, установленным государственными программами;

2) предоставление отсрочки платежей по договорам банковского займа и (или) микрокредита на период, достаточный для восстановления финансового состояния и платежеспособности субъекта малого и среднего предпринимательства. Период отсрочки платежей составляет не менее 90 (девяноста) календарных дней, если иные сроки не указаны в заявлении субъекта малого и среднего предпринимательства.

Отсрочка платежей предоставляется путем установления нового графика платежей в виде распределения ранее отсроченных платежей до конца срока займа либо увеличения срока займа на период отсрочки, если иной график платежей не предусмотрен договором банковского займа и (или) микрокредита, либо не указан в заявлении субъекта малого и среднего предпринимательства.

6. Кредитная организация принимает решение о рефинансировании либо предоставлении отсрочки платежей по договорам банковского займа и (или) микрокредита субъектов малого и среднего предпринимательства, на основании заявления заемщика и документов, подтверждающих ухудшение финансового состояния, поданных в кредитную организацию с 16 июня 2020 года по 15 сентября 2020 года.

7. Кредитная организация рассматривает заявление субъекта малого и среднего предпринимательства не более 20 (двадцати) рабочих дней со дня получения заявления и полного перечня документов, предусмотренных во внутреннем порядке реструктуризации займов и (или) микрокредитов.

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҚАРЖЫ НАРЫҒЫН РЕТТЕУ ЖӘНЕ
ДАМУ АГЕНТТІГІ»**

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ



РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

**«АГЕНТСТВО РЕСПУБЛИКИ
КАЗАХСТАН ПО РЕГУЛИРОВАНИЮ
И РАЗВИТИЮ ФИНАНСОВОГО РЫНКА»**

БҰЙРЫҚ

15 июня 2020 года

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

№ 251

город Алматы

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қосымша қолдау көрсету шаралары туралы

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау көрсету, қаржылық жағдайды қалпына келтіру жөніндегі жоспарларды іске асыру және банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларының алдын алу мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау шараларын көрсету тәртібі бекітілсін.

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

3. Қаржы ұйымдарының әдіснамасы және реттеу департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің мүдделі бөлімшелеріне, екінші деңгейдегі банктерге, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымдарға, оның ішінде бұрын көрсетілген ұйымдар болып табылған заңды тұлғаларға жіберсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Төрағасының орынбасары Н.А. Әбдірахмановқа жүктелсін.

Төраға

М. Әбілқасымова

Қазақстан Республикасының
Қаржы нарығын реттеу және
дамыту агенттігі Төрағасының
2020 жылғы «__» маусымдағы
№ ____ бұйрығымен
бекітілген

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектілеріне қолдау шараларын көрсету тәртібі

1. Осы Тәртіп төтенше жағдай және (немесе) карантин кезеңінде қаржылық жағдайы нашарлаған кәсіпкерлік субъектілеріне бизнеске қолдау көрсету, қаржылық жағдайды қалпына келтіру жөніндегі жоспарларды іске асыру және кәсіпкерлік мақсаттарға берілген банктік қарыз және микрокредит шарттары бойынша мерзімі өткен берешектің туындау жағдайларының алдын алу үшін қосымша қолдау шараларын көрсету мақсатында әзірленді.

2. Қолдау шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің еркін нысанда жасалған өтініші негізінде көрсетіледі.

Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі қажетті құжаттармен қоса екінші деңгейдегі банкке, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымға, микроқаржылық қызметті жүзеге асыратын ұйымға, оның ішінде бұрын көрсетілген ұйымдар болып табылған заңды тұлғаға (бұдан әрі – кредиттік ұйым) электрондық пошта, «банк-клиент» онлайн-жүйесі, интернет-ресурс, мобильдік қосымша немесе басқа байланыс құралдары арқылы өтініш бере алады.

3. Кредиттік ұйым қарыздарды және (немесе) микрокредиттерді қайта құрылымдау тәсілдерін, қарыз алушыларға қойылатын талаптар мен шарттарды, қарыз алушымен өзара іс-қимыл жасау рәсімдерін, қайта құрылымдауды жүргізу үшін қажетті құжаттар тізбесін қамтитын ішкі тәртіпті қолданады.

4. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі өтініш берген жағдайда кредиттік ұйым жеке тәртіппен оның қаржылық жағдайын, төтенше жағдайдың және (немесе) карантиннің өтініш берушінің кәсіпкерлік қызметіне әсерін және қаржылық жағдайының қалпына келу перспективаларын бағалайды. Қаржылық жағдайды бағалау өтініш берушінің нақты кірістерін талдауды және төтенше жағдай және (немесе) карантин кезеңінде енгізілген шектеу шараларының өтініш берушінің кәсіпкерлік қызметіне, оның ішінде өтініш берушінің тауарларына, жұмыстарына және (немесе) көрсететін қызметтеріне тұтынушылық сұраныстың төмендеуіне, тауарларды және (немесе) көрсетілетін қызметтерді жеткізу тізбегінің бұзылуына, тауарлардың, жұмыстардың және

(немесе) көрсетілетін қызметтердің ақысын төлеу мерзімдерінің бұзылуына әсерін көздейді.

5. Шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі қаржылық жағдайының төтенше жағдай және (немесе) карантин кезеңінде нашарлауының объективті себептері және оның кәсіпкерлік қызметін қалыпқа келтіру мүмкіндігі болған кезде кредиттік ұйым шағын және орта кәсіпкерлік субъектісіне:

1) егер кредиттік ұйым мемлекеттік бағдарламаларды іске асыруға қатысқан жағдайда не қарыздарды және (немесе) микрокредиттерді қайта құрылымдаудың ішкі тәртібі бойынша кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың мемлекеттік бағдарламалары шеңберінде жеңілдік берілген талаптармен банктік қарызды және (немесе) микрокредитті қайта қаржыландыруды ұсынады.

Банктік қарыздарды және (немесе) микрокредиттерді жеңілдік берілген талаптармен қайта қаржыландыру жеңілдік берілген мөлшерлемелерді және мемлекет тарапынан кепілдіктер алу мүмкіндігін көздейтін шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін айналым қаражатын толықтыруға жеңілдікпен кредиттеу бағдарламасы, «Бизнестің жол картасы – 2025» бағдарламасы, шағын және микробизнеске қолдау көрсетудің жаңа нысаналы бағдарламасы бойынша да жүзеге асырылуы мүмкін.

Мемлекеттік бағдарламалар бойынша қайта қаржыландыру шағын және орта кәсіпкерлік субъектісі мемлекеттік бағдарламаларда белгіленген өлшемшарттар мен талаптарға сәйкес келген жағдайда жүзеге асырылады;

2) банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша төлемдерді шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің қаржылық жағдайын және төлемге қабілеттілігін қалпына келтіру үшін жеткілікті кезеңге кейінге қалдыруды ұсынады. Төлемдерді кейінге қалдыру кезеңі, егер шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің өтінішінде өзге мерзімдер көрсетілмесе, кемінде күнтізбелік 90 (тоқсан) күнді құрайды.

Егер төлемдердің өзге кестесі банктік қарыз және (немесе) микрокредит шартында көзделмесе не шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің өтінішінде көрсетілмесе, төлемдерді кейінге қалдыру қарыз мерзімінің соңына дейін бұрын кейінге қалдырылған төлемдерді бөлу түрінде төлемдердің жаңа кестесін белгілеу не қарыз мерзімін ұлғайту арқылы беріледі.

6. Кредиттік ұйым қарыз алушының өтініші және 2020 жылғы 16 маусымнан бастап 2020 жылғы 15 қыркүйек аралығында кредиттік ұйымға берілген қаржылық жағдайының нашарлағанын растайтын құжаттар негізінде шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерінің банктік қарыз және (немесе) микрокредит шарттары бойынша төлемдерді қайта қаржыландыру не кейінге қалдыру туралы шешім қабылдайды.

7. Кредиттік ұйым шағын және орта кәсіпкерлік субъектісінің өтінішін өтінішті және қарыздарды және (немесе) микрокредиттерді қайта құрылымдаудың ішкі тәртібінде көзделген құжаттардың толық тізбесін алған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде қарайды.